



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

01.10.2012 № 240

Ақтау қаласы

город Актау

**Маңғыстау облысы әкімдігінің
Маңғыстау облысының денсаулық
сақтау басқармасының «Жұқтырылған
иммун тапшылығы синдромының алдын
алу және оған қарсы күрес жөніндегі
Маңғыстау облыстық орталығы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, облыс әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қайта құру жолымен Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоса беріліп отырған Кәсіпорынның Жарғысы бекітілсін.

3. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы
(Р.Ф. Бектубаев):

Маңғыстау облысының әділет органдарында Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Маңғыстау облысының қаржы басқармасы (М.Б.Әлібекова) облыстың коммуналдық меншік нысандарының тізіліміне тиісті өзгеріс енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Х.Х. Нұрғалиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі



Б. Мұхаметжанов